

# ТАСАДА ҚАЛҒАН ТҰТҚЫНДАР ТАҒДЫРЫ

Жалғасы. Басы өткен санда



...Осы тұста куәгерлердің де жазбаларына тоқтала кетсек, біздіңше, «Мынау маған көрсетілген суреттегі адамдардан №3-ін танимын. Бұл – Сейітжаппар Молдыбаев, Нойхаммер қаласында (Германия) Түркістан әскерінің қатарында болған» деген куәгердің тоқетер жауабы да, «Мына фотокарточкадағы адамның Сейітжаппар Молдыбаев екенін шырамытып тұрмын. Ол – «Түркістан легионында» болған тұтқын. Алдымен американдықтардың қолына түсіп, кейін ағылшындарға берілген. Ағылшындар оны Нойхаммерден өздерінің Порт-Сайдтағы (Африка) лагеріне алып кетіп, әбден тергеген. Сол жерде ағылшын офицеріне тыңшылық қызмет етуге жазбаша куәлік берген» деген екінші куәгердің айыптауы да істің бұрмаланғанынан хабар беретін сияқты. Соттан осылайша «соққы» алған Сейітжаппардың түрмедегі өмірі де тәуір болмаған. Себебі түрме басты-

дырған сол сәтті есіме алсам әлі күнге дейін денем түршігеді. Ия, 1942 жылғы жаудың кезекті шабуылы мен бомбылауы біз үшін сәтті болмады. Топыраққа көміліп, есімнен танып қалыппын. Қанша уақыт жатқаным жадымда жоқ, есімді жисам еңгердей неміс нұқып оятып жатыр екен. Күн де арқан бойы көтеріліп қалыпты. Осылайша ғайыптан тайып тірі қалдым. Бізді анда-санда бір тамақтандырып, ертеден қаракешке дейін небір ауыр жұмыстарға жекті. Мен атқорада жылқыларға қарадым. 1944 жылға дейін осы жұмыстың арқасында жан бақтым десем де болады. Сол жылы бізді босатып, тергеп тексереді де, мені конвоймен Кемерово облысының Кисловодск қаласына жөнелтті. Сол қаладағы шахтада 1946 жылдың қысына дейін жұмыс істедім. Сонан соң өзімнің кіндік қаным тамған Түркістаныма қайтып, ата-анаммен, ағайын-туыспен қауыштым. Үйге

деп дегбірімді алып дікілдеп, доқ көрсетіп жатады. Тіпті бірде мұндай жалған құжатқа ешқашан қол қоймайтынымды ашына айтқанымда, адамдықтан ада азаптаушылар сол сәтте-ақ аяқ-қолымды сындыра соққыға жығып, өлімші етіп өз камерама сүйреп әкеліп тастады. Қанға бөгіп қанша жатқанымды білмеймін, есімді жисам денемнің сау-тамтығы қалмапты. Осындай сәттер араға күн салып қайталата берді. Яғни, 1948 жылдың қарашасы осылай өтті. Кейін ол жендеттер де табан астында жоқ болып кетіп, маған жанашырлықпен қарай бастады.

Тепсе темір үзетін жігіт едім, денсаулығымнан айырылып, адам аяйтын халге түстім. Сол күннің зардабын әлі тартып жүрмін...

Дәрігер де мен жатқан камераға жиі бас сұғып, жарамды танып, дәрі-дәрмегін беріп, араға айлар салып аяғымнан тұрғызды. Сөйтсем мені сотқа дайындап жатқан екен».

Сот залы да онша қашық емес. түрме ішіндегі бөлек ғи-

тынынан үміттімін», - дейді. Бәлкім, осынау жазба түрткі болды ма, 1955 жылы 15 тамызда абақтыда 5 жылын өткізген Сейітжаппар Молдыбаевты мерзімінен бұрын босатыпты.

«Түркістан легионында» болған тағы бір жерлесіміз – 1917 жылы туған, Оңтүстік Қазақстан облысы Георгиевка ауданы Ленгер қаласының тумасы Жандарбек Танкеев. Қазақ, 5 кластық қана білімі бар. Бұрын сотты болмаған, партия қатарына кірмеген Танкеевке де тағылған айып – 1940 жылдың шілдесіне дейін Кеңес Әскері қатарында болып, тұтқынға түскесін 1942 жылы «Түркістан легионы» қатарына кіргендігі. Осы «қылмысы» үшін 1949 жылы 8 қыркүйекте Түркістан әскери округі әскери трибуналының шешімімен РСФСР ҚК-нің 58-бабының «б» тармақшасына сай айыпты деп танылып, 25 жылға сотталған.

Кезінде Ленгер қаласында «Ленгеркөпір» кенішінде көп қазып, кейіннен абақты-

шарының тұрғыны Әшірқұл Мәмбетәлиев 1950 жылы 1 қарашада ұсталып, жоғарыда аталған баппен сотты болады. Ұлты қазақ, отбасылы, байдың ұрпағы болғандықтан партия қатарына алынбаған. Қара танымайтын қазақ баласы 1941 жылы шілдеде дұшпан қолына түсіп, «Түркістан легионына» кіруге мәжбүр болған.

Айыптау қорытындысынан анықтағанымыз Әшірқұл әскер қатарына 1939 жылы Сарыағаш аудандық әскери комиссариатынан шақырылып, алдымен қатардағы сарбаз ретінде №4048 әскери бөлімде дайындықтан өтеді де, сұрапыл соғыс басталған тұста Латвия майданына жіберіліп, Десна өзені маңындағы шайқаста тұтқынға түседі.

Одан кейін ол Белорусияның Минск, Германияның Мозберг қалаларындағы және Польшаның Песочный елді мекендеріндегі лагерлерінде болған. Легионға да осы Польшаның Легионово

он басшылығына жеткізді. Осылайша біздің 6-батальон партизандарға қарсы бетпелет шайқасқа шықты. Алайда санаулы партизанды жер жастандыру операциясы сәтсіз аяқталды. Дер кезінде көмек келген Қызыл әскер бөлімдері біздің батальонның тамтығын қалдырмады. Екі жақтан да шығын көп болды-ау шамасы. Өлгендер мен жараланғандар санында есеп жоқ болатын. Ә.Мәмбетәлиевтің де медаль алатыны меніңше осы тұс. Ол жараланып, госпитальда емделіп шықты».

Бұл куәліктің рас-өтірігін айыра алмаспыз, дегенмен абақтыда тәртіпке бағынып, тек жақсы қасиеттерін көрсете білген Ә.Мәмбетәлиев 1955 жылы қаңтарда өзіне ашылған істің ақиқаттан алшақ жатқанын жазып, қамаудан босатуды өтініп, жоғарыға арыз жолдапты. Тосыннан пайда болған тағы да бір куәгердің жазбасына сүйенген сот Ә.Мәмбетәлиев жолдаған хатты негізсіз

қы» алған Сейітжаппардың түрмедегі өмірі де тәуір болмаған. Себебі түрме бастығының 15.04.1955 жылы оған берілген анықтамасында тағылған айып аз емес. Яғни саяси сенімсіз Сейітжаппар Молдыбаев №5 УМВД-да түзелудің орнына теріс қылықтар көрсетіп, түрме тәртібін жиі бұзумен көзге түсіпті.

Көрші камерадағы тұтқындармен сөйлескені үшін де сыбағасын алып, 10 тәулікке карцерге қамалған. Одан бөлек, «қашуға әрекет жасады», «камераластарының азығын әлімжеттікпен тартып алып, ұрып соқты» деген секілді т.б. қосымша айыптарды қардай боратқан. «Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс». Абақты басшысы Сейітжаппардың «срогын» тағы бір жылға созуды сұрапты. Біздіңше бұл әділетсіздікке төзе алмаған Сейітжаппар КСРО Жоғары Кеңесіне шағым жолдап, өзінің ары таза екенін дәлелдемекке тағы бір тырысып көрген секілді.

Осылайша, «Түркістан легионында» болған Түркістанның тумасы былай депті: «... Мен жасымның 18-ге де толмағанын жасырып, майдан даласына өз еркімен сұранып аттанған азаматпын. Түркістан әскери комиссариаты мені 102-атқыштар дивизиясының құрамына қосты. 3-Украин майданындағы бірнеше шайқасқа қатыстым.

Өмірімді тозаққа айнал-

тамған Түркістаныма қайтып, ата-анаммен, ағайын-туыспен қауыштым. Үйге келген соң Ащысай полиметалл комбинатында қамауға алынған күнге дейін қызмет атқардым. Мені облыстық түрмеге тоғытып: біресе «сатқын» деді, біресе ұрып-соғып, американ барлау қызметіне кіріп, үкіметке қарсы үгіт-насихат жүргізген деп мойындатпақ болды.

Менің сөзіме сеніңіздер. Тұтқынға өз еркіммен түспесем, мен қалай «сатқын» боламын, мені қалайша Америка барлауының жансызы деп жазғырасыздар, оларды өзім түгілі түсімде көрген жоқпын ғой. Билікке қарсы қашан насихат жүргіздім, бізді тәрбиелеп өсіріп, хат танытып, көзімді ашқан, барлық халықтардың пролетарларын біріктірген өкіметке өмірі өш болған емеспін.

... Тергеу таңғажайыптары осылай тез-тез өте шықты. Қайдан тапқанын білмеймін, ешқашан жолым тоғыспаған «5 жолдасым» пайда болып, маған қарсы куәлік бере бастады. Есімде еміс-еміс сақталғаны – азапты тергеудің алғашқы он күні ғана. Онан кейін арыстандай ақырып, күндей күркіреп кім менен жауап алды, қалай қинады... білмеймін. Бәрі бұлдыр... Есімді енді жисам болды, тергеушінің әлгі бес адамның жазбасын танауыма тосып: «Протоколға қол қоясың ба, жоқ па, жауыз!»

иындап жатқан екен».

Сот залы да онша қашық емес, түрме ішіндегі бөлек ғимаратта. Мені алдына салып айдап келе жатқан офицерден сот мәжілісінің жабық түрде өтетінін естідім. Соңғы сөзімде өзіме қарсы толтырылған хаттама жайлы ештеңе білмейтінімді баса айтқаныммен, түсі суық тергеуші: «... Жап аузыңды, сатқын! Ондай ертегіні әжеңе барып айтасың. Біз үшін әділетті сот пен тергеу органдарының бұлтартпас материалдары жеткілікті. Біткен жерің осы. Сондықтан жақсылықпен бұлталақтамай жауап бер», - деп апшымды қуырды. Мен де қаным басыма теуіп: «Егер мен туралы бүге-шегесіне дейін бәрін білсеңіз, адымымды аштырмайтыңызда тұрса, несіне сурытпақтап қайта-қайта сұрай бересіз?!» - деп алқымыма тірелген бар ашуызамды ақтарып салдым. Сотқа да керегі сол: кесімді жазамды естіртпей, конвой шақыртып, кісенделген күйі камерама жөнелтті. 25 жылға сотталғанымды кейін естідім. Мен қылмыскер емеспін, мені қолдан «қылмыскер» еткен. Қауіпсіздік басқармасы шындықтың көзіне тура қарай алмай отыр. Сондықтан әділетті Кеңес заңымен жазаласаңыздар екен, жазықсыз жылатпасаңыздар екен деймін. «Боса-тыңыздар» деп бас игелі тұрған жоқпын. Тек «жау санап» ақ жаным дақ түсіңгендерге назалымын. Сол себепті де қылмыстық істің қайта қарала-

лзінде Ленгер қаласында «Ленгеркөпір» кенішінде кен қазып, кейіннен электро-воз кондукторы болып жұмыс істеген Жандарбекке «Түркістан легионы» қатарында жүргенде унтер-офицер атағы беріліпті.

1954 жылы 14 қыркүйекте ОҚО ҰҚК тергеу бөлімінің басшысының тарапынан толтырылған қылмыстық істің қорытындысына үңілсек, ол «Түркістан легионының» 3-әскери батальонының штабтық ротасында взвод командирі болғанға ұқсайды. Сонан соң Ж.Танкеевтің батальоны Майкоп ауданы маңындағы майданға жіберілген. Дегенмен бұл батальон тек қорғаныс құрылыстарын жүргізумен ғана шектелген. Бұл турасында Танкеевтің өзі де: «... 1943 жылы біздің батальонды Францияға жіберді де, жоғарыда аталған шенді сол жерде алдым. Бірақ біздің батальон тек американағылшын әскерлеріне қарсы бекіністерді тұрғызумен ғана айналысты, майдан шебінде болған жоқ», десе, Досанқұлов пен Джундутаев секілді куәгерлер де оның бұл сөзін жоққа шығармаған. Сот та тұтқынның тікелей ұрысқа кірмегенін ескертіп, жазаны сәл жұмсартыпты.

Осылайша Иркутск облысының Ангарск қаласында Ж.Танкеев 7 жыл жазасын өтеп келіп, еңбекке араласып, тек жақсы жағымен көзге түседі.

Ал 1919 жылы туған, ОҚО, Келес ауданы «Еңбек» кең-

терлерінде оған кезінде да осы Польшаның Легионово қыстағында алынып, кіші командирлер даярлайтын мектепке қабылданады. Осы мектепті бітіріп, ефрейтор шенін алысымен, 1942 жылы Ворошиловград облысында Кеңес әскеріне және партизандарға қарсы шайқастарға қатысады. Медаль да алады. 1943 жылы Әшірқұл қызмет ететін батальон Францияға аттанып, онда шені унтер-офицерлікке жоғарылап, взвод командирінің көмекшісі қызметін атқарады. Осы елде жүріп 1944 жылдың қоңыр күзінде жергілікті партизан отрядтарын жазалау операцияларына қатысқан деген де дерек бар.

1955 жылы 17 ақпанда оған қатысты істі жүргізген ОҚО ҰҚК 4-арнайы бөлімнің аға тергеушісі капитан Балакирев 25 жылды арқалаған айыпкердің партизандарға қарсы ұрыстардың бірінде жеңіл жараланып, марапатқа ұсынылғанын да атап көрсетіпті.

Бұл жайында бір куәгер былай дейді: «... Немістің қолына қапылыста түскен соң бізді Легионово маңайындағы лагерьге жөнелтті. 1942 жылы Ворошиловград облысындағы партизандарға қарсы салды.

Ә.Мәмбетәлиев барлауға жиі жіберілетін жауынгер еді. Осындай кезекті тапсырмада олар, атын ұмытыңқырап тұрмын, бір елдімекенде партизан отрядының жасырынып жатқанын баталь-

лиев жолдаған хатты негізсіз деп тауып, 25 жылдық жазаны жеңілдетпей, қайта оны 1950 жылдың 1 қарашасынан күніне енетіндігі жайлы кесім береді.

Біздіңше Ә.Мәмбетәлиевке қарсы іс те біршама бұрмаланғанға ұқсайды. Өзінің ақтығын айтып жолдаған арызының назарға алынбағанына күйінген жауынгер келесі бір арызын «Правда» газетінің редакциясы мен Бас әскери прокурорға жіберген. Нәтижесінде оған қарсы іс тоқтатылып, рақымшылық көріп, бостандыққа шығады.

Қорыта айтқанда, сұрапыл соғыстың сыры ашылмаған «ақтаңдық» беттерінің бірі – Түркістан легионы. Әлі күнге дейін легион турасында тұщымды байлам айтылып, кесімді баға берілген жоқ. Тұтқындар тағдыры да тасада қалып келеді. Біздіңше концлагерьде кінәсіз азапталып, тұтқыннан әупірімдеп тірі шыққандарды фашизм «тозағын» көрген осындай әскери тұтқындарды түгелдей «сатқын» деу мүлде қисынға келмейді.

Бұған архив қорларында «құпия» сақталған деректерді ақтара отырып көз жеткізгендей болдық.

**Сейдехан ӘЛІБЕК,  
М. Әуезов атындағы  
ОҚУ колледжінің  
директоры, тарих  
ғылымдарының докторы**